



БҰЙРЫҚ

№ 19.12.2022 ж.

Жезқазған қаласы

ПРИКАЗ

№ 168-К

город Жезказган

Жезқазған қаласы
білім бөлімінің
2021 жылдың 8 қарашадағы
№164-н бұйрығына
өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 44-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында камкоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім ұйымдарындағы камкоршылық кеңестің құрамына өзгерістер енгізілуіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім ұйымдарындағы (Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№ 3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№ 4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «Қабден Шыңғысов атындағы № 5 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№ 8 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№ 11 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№ 13 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «Талап ауылының № 14 жалпы білім

беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№ 22 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№ 24 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі; Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің «№ 26 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі) қамқоршылық кеңестің құрамы қайта бекітілсін (қосымша).

2. Білім ұйымдарының басшыларына бекітілген қамқоршылық кеңестің құрамымен іс-шараларды ұйымдастыруды үйлестіру тапсырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалысын өзіме қалдырамын.

Басшы



Ж.Е.Альмағанбетов

орынд. Алимжанова А.К.

A handwritten signature in black ink, likely belonging to Alimjanova A.K., is written next to the text 'орынд. Алимжанова А.К.'

БЕКІТЕМІН

Ұлытау облысы
білім басқармасының

«Жезқазған қаласының
білім бөлімі» ММ басшысы

Ж.Е.Альмаганбетов

Бұйрық №168-н

19.12.2022 жыл



Ұлытау облысы білім басқармасының Жезқазған қаласы білім бөлімінің
«Талап ауылының № 14 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің қамқоршылықтың кеңес құрамы

№	Аты-жөні	Қызметі	Қамқоршылық кеңестегі қызмет
1	Мыржакупова Айнур	«Мыржакупова» ЖК	кеңес мүшесі
2	Жаксылық Айгерим Акашқызы	Жеке кәсіпкер	кеңес мүшесі
3	Ермаганбетова Асель Калыбековна	Талап ауылы №14 мектеп шағын орталық тәрбиешісі	кеңес мүшесі
4	Сембаева Жанат	Шаруа қожалығы	кеңес мүшесі
5	Сайдалы Жұлдызай Жездібаевна	Жеке кәсіпкер	қамқоршылықтағы кеңес төрайымы
6	Жумажанова Мейрамкуль	Жеке кәсіпкер	кеңес мүшесі
7	Бейсембаев Мурат Сиязбекович	АТС	кеңес мүшесі
8	Куандикова Макпал Абдигалиевна	Талап ауылы №14 мектеп медбикесі	кеңес мүшесі
9	Нагманова Данара Куанышқызы	Ата-ана комитеті	кеңес мүшесі

Бекітемін
«Талап ауылының №14 ЖББМ» КММ
директоры *К.М.Туллубаев*

Ұлытау облысы білім басқармасының Жезказған қаласы білім бөлімінің
«Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі» КММ – нін

Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары

2022-2023 оқу жылы

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Қамқорлық кеңесінің жоспарын бекіту. Нормативтік құжаттармен танысу, негізгі бағыттарды анықтау.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
2	Қамқоршылық кеңесінің отырыстарын өткізу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
3	Мектепшілік барлық саладағы іс-шараларға қатысу (оқу үрдісі, тәрбие, құқық, әлеуметтік, психологиялық және мәдени іс-шаралар)	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
4	Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге демеушілерді тарту.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
5	Жалпы мектепшілік ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің бірлескен жұмысы.	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
6	1-10 сынып оқушыларының әр тоқсан сайын «Мектепшілік бақылау» сынақаларын алу барысын бақылау.	Тоқсан сайын	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
7	Білім сапасын жақсарту мақсатында «Зерттеу сабақтары» тәсілін оқыту үрдісіне енгізу үрдісіне қатысу.	Қыркүйек	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
8	Дарынды балаларды қолдау	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
9	Мектеп оқушыларына әлеуметтік қолдау көрсету. «Мектепке жол», «Қамқорлық» т.с.с. қайырымдылық акцияларын өткізуге ат салысу	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
10	Жетім, жартылай жетім және отбасылық жағдайы төмен аз қамтылған отбасылардан шыққан балалардың жазғы демалысын	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

	ұйымдастыруға көмек көрсету.		
11	Психологиялық көмек – білім сапасын көтерудің алғы шарты (оқушылармен барлық психологиялық бағыттарда жұмыс жасау барысына қатысу).	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
12	Мектептің есеп беру жиналысына қатысу.	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
13	Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі.	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Дайындаған: Лукенова А.Б.

Бекітемін
«Талап ауылының №14 ЖББМ» КММ
директоры  К.М.Түлеубаев



«Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі» КММ – нің
Қамқоршылық кеңесі отырысының жоспары
2022-2023 оқу жылы

№	Орындалатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I-отырыс			
1	1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру.	қыркүйек	Қамқоршылық кеңес мүшелері Мектеп директоры
2	«Қамқоршылық кеңестің» құрамын бекіту.		Мектеп директоры
3	«Мектепке жол» акциясының барысын бақылау		Қамқоршылық кеңес мүшелері Әлеуметтік педагог
II-отырыс			
1	2022-2023 жылдың 1 жарты жылдығының есебі.	желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Жаңа жыл іс-шарасын ұйымдастыру туралы		Қамқоршылық кеңес мүшелері
III-отырыс			
1	Мектеп ауласын көгалдандыру бойынша көмек көрсету.	наурыз	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Наурыз мейрамын ұйымдастыру.		Қамқоршылық кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі
3	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары.		Қамқоршылық кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі
IV-отырыс			
1	Қамқоршылық кеңесінің жылдық есебі	сәуір	Қамқоршылық кеңес мүшелері
2	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мәселелері		Қамқоршылық кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі

Орындаған: Ауксенова А.Б.

Талап ауылының «№14 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңестің отырыстарының №1 хаттамасы

Өтілген күні: 05.09.2022 ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру.
2. «Қамқоршылық кеңестің» құрамын бекіту.
3. «Мектепке жол» акциясының барысы.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Қ.М.Тулеубаев сөз алып, жиналысқа қатысушыларды “Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ереже мен таныстырып өтті. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 123 бұйрығы) Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне колдау жасауға қосымша қаржы тарту мақсатында құрылатындығын айта келіп, келесі міндеттеріне тоқталды:

- 1) білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуына, сонымен қатар білім беру мекемелерінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асырады
- 2) білім беру ұйымының жарғысына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар әзірлейді;
- 3) білім беру ұйымын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды әзірлейді;
- 4) Қазақстандық азаматтардың отбасына жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мәселелері жөнінде шалаларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлейді;
- 5) қайырымдылық көмек түрінде білім беру ұйымдарына түскен қаржыны бөлуге қатысады және оның мақсатты жұмсалуды туралы шешім қабылдайды;
- 6) білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру барысында ұсыныстарды әзірлейді;
- 7) Тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органына Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымының жұмысында анықтаған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

2. Тыңдалды: Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған мектеп директоры Қ.М.Тулеубаев Қамқоршылық кеңес құрамының Жезқазған қаласы білім беру бөліміне ұсынылған тізімімен таныстырып өтті.

3. Үшінші сұрақ бойынша мектеп әлеуметтік педагогы А.А. Мухамедиева сөз алып «Мектепке жол» акциясының жаңа оқу жылында да бастау алғанын мәлімдеді. «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы 2022-2023 оқу жылы да әдеттегідей 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өткізілді. Акцияның мақсаты - жаңа оқу жылына дайындық кезінде аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсетуге және әлеуметтік себептерге байланысты балалардың мектепке бармауының алдын-алуға бағытталған. «Нуркиде», «Арзан Сатпаев», «БөбекЖез», «Кенгуру» сауда орталықтары мектебіміздің біркатар оқушыларына мектеп формасымен, мектеп сөмкесімен, оқу құралдарымен көмек қолын созғаны айтылды.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңестің ережесіне сәйкес Талап ауылының №14 жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңес құрамына ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.
3. Әлеуметтік осал топтағы балалар үнемі назарда болып, тиісті көмек көрсетілсін.

Сайдалиева Ж.Ж.- Қамқоршылық кеңес төрағасы



Жаксылык Ә.А. - хатшы



Талап ауылының «№14 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңестің отырыстарының №2 хаттамасы

Өткен күні 20.12.2022 ж.

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:


1. 2022-2023 оқу жылының Қамқоршылық кеңесінің құрамымен таныстыру. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен түсіндірме жұмысын жүргізу.
1. 2022-2023 жылдың 1 жарты жылдығының есебі.
2. Жаңа жыл іс-шарасын ұйымдастыру туралы.
1. Күн тәртібіндегі 1 сұрақ бойынша мектеп директоры – Тулеубаев Қ.М. Жезқазған қаласы білім бөлімінің 19.12.2022 жылғы № 168-н бұйрығымен бекітілген 2022-2023 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің құрамымен таныстырып, Қамқоршылық кеңестің ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен түсіндірме жұмысын жүргізді.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес төрайымы – А.Ш. Смагулованың есебі тыңдалды. Қамқоршылық кеңес мүшелері білім алушылардың мектеп жарғысына сай ішкі тәртіп ережелерінің, мектеп формасының сақталуы туралы мәліметтерді ата-аналар жиналысында назарларына жеткізіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізгені туралы сөз қозғады. Оқу жылында өтілген мәдени-қоғамдық іс-шаралармен бірге «Мектепке жол», «Қамқорлық» акцияларын ұйымдастыруда белсенділік танытқаны туралы айтылды. Әлеуметтік көмекті қажет ететін аз қамтылған, қамқорлықтағы, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға мектеп формасымен, кеңес тауарларынан көмек ұйымдастырылғанын атап айтты. Мектептегі қамқоршылық кеңесі мектептің әр түрлі ішкі және сыртқы қоғамдық жұмыстарына да әрқашан араласып, мектеп ұжымымен байланысты болды. «Күз-мереке, күз-береке» тақырыбында өткізілген көрме жұмыстарына белсене қатысып, үлкен қолдау көрсеткені туралы айтылды. «Алдағы уақытта да қамқоршылық кеңесі мектеп ұжымымен тығыз байланысты ынтымақтаса жұмыс істеп, өскелең ұрпақтың игілігі үшін бірігіп жұмыс атқарамыз деген сенімін білдірді.

Сөз алды: Қамқоршылық кеңесінің мүшесі – Жаксылық Ә.А. мектептегі қамқоршылық кеңесі мектептің әр түрлі ішкі және сыртқы қоғамдық жұмыстарына араласып, мектеп ұжымымен байланыс одан әрі жандандырылатынын атап өтті.

1. **Тыңдалды:** Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – А.Ш. Смагулова алда бүлдіршіндеріміздің асыға күтетін мерекесі Жаңа жылдың жақындап келе жатқанын айтты. Мерекеге қажетті жаңа жылдық шыршаны безендіру үшін ойыншықтар және безендіргіштермен қамтамасыз етуге көмектерін беретіндерін жеткізді. Мерекені ұйымдасқан түрде өткізуге кеңес мүшелері бір кісідей атсалысулары керектігін айтты.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысы ережеге сәйкес жүргізілсін.
2. 2022-2023 жылдың I жартыжылдығының атқарылған жұмыстары есебі қанағаттанарлық деп танылып, алдағы уақытта да жалғасын тапсын.
3. Жаңа жыл мерекесі ұйымдасқан түрде жоғары деңгейде өткізілсін.

1. Сайдалиева Ж.Ж. - Қамқоршылық кеңес төрағасы 
2. Куандикова М.А. – кеңес мүшесі 
3. Жаксылық Ә.А. - хатшы 
4. Ермаганбетова А.Қ. - кеңес мүшесі 
5. Мыржакупова А. - кеңес мүшесі 
6. Сембаева Ж. - кеңес мүшесі 
7. Жумажанова М.Ж. - кеңес мүшесі 
8. Бейсембаев М.С. - кеңес мүшесі 
9. Нагманова Д.Қ. - кеңес мүшесі 

Талап ауылының «№14 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қамқоршылық кеңестің отырыстарының №3 хаттамасы

Өткен күні 06.03.2023ж

Қатысқандар:Қамқоршылық кеңес мүшелері, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. Мектеп ауласын көгалдандыру бойынша көмек көрсету.
2. Наурыз мейрамын ұйымдастыру.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары.

1.Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары- А.Б.Дукенова жыл сайын мектеп ауласына мектеп бітіруші түлектер тал отырғызу әдетке айналғаны туралы айта келе қамқоршылық кеңес мүшелеріне осы акцияға қол ұшын беруін сұрады. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы-Ж.Ж.Сайдалиева бұл ұсынысты қабылдап ,қалған кеңес мүшелері бір ауыздан келісті.Кеңес мүшесі –Бейсенбаев М.С. қошetter беретіндігін айтып өтті.

2. Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы –Ж.Ж.Сайдалиева наурыз мейрамына белсенділікпен қатысуға шақырып, үздік сыныптар мен сыныпжетекшілерді марапаттауды ұсынды.Кеңес мүшелері қарсы еместіктерін білдірді.
3. Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі –Д.Қ.Нағманова мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру — қоғамның болашағын тәрбиелеудегі маңызды кадам. Жемқорлықтың алдын алу үшін тек заңдар мен жазалар ғана емес, сонымен бірге балалар мен жасөспірімдердің санасына дұрыс құндылықтарды сіңіру керек. Осы орайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастырудың бірнеше тиімді жолдарын мектепте құрылған «Адал ұрпақ» клубына қатысып ,балаларға адалдық, әділдік, жауапкершілік және құрмет сияқты моральдық құндылықтарды үйрету қажет, өмірлік мысалдар келтіру арқылы түсіндіру керектігін тілге тиек етті. Мектеп оқушыларына тек сыбайлас жемқорлықтың салдарын ғана емес, оның алдын алу тәсілдерін де үйрету қажет. Бұл оқушылардың қоғамдағы болашақ ролін дұрыс түсініп, әділ және адал азамат болып қалыптасуына көмектеседі деп ойын білдірді.

Шешім:

1. Мектеп ауласын көгалдандыру ұйымдастырылсын.
2. Наурыз мейрамы жоғары деңгейде өткізілсін.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

1. Сайдалиева Ж.Ж.- Қамқоршылық кеңес төрағасы
- 2.Куандикова М.А. - хатшы
3. Жаксылық Ә.А. - кеңес мүшесі
4. Ермаганбетова А.Қ.- хатшы
5. Мыржакупова А.-кеңес мүшесі
6. Сембаева Ж.- кеңес мүшесі
7. Жумажанова М.Ж.- кеңес мүшесі
- 8.Бейсембаев М.С.- кеңес мүшесі
- 9.Нагманова Д.Қ- кеңес мүшесі

Қолдары

Қамқоршылық кеңес отырысының №4 хаттамасы

Өткізілген күні: 31.05.2023 жыл

Қатысқаны: 15

Күн тәртібінде

1. 2022 – 2023 оқу жылында атқарылған жұмыстар есебі – Ж.Ж.Сайдалиева
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру «Жаз-2023» - К.М.Тұлеубаев
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. сөз алған Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ж.Ж.Сайдалиева жыл бойы атқарылған жұмыстарға тоқтала өтті. Оның ішінде қыркүйек айынан бастап «Мектепке жол» акциясына демеушілер іздестіріліп, аз қамтылған, көп балалы, толық емес отбасынан шыққан оқушыларға ТОО «Жезказғанавтотранссигнал» мекемесінің басшысы А.К.Кусайнова 2 оқушыға 30 000 мың теңге көлемінде көмек берді. Жезказған қаласының «Аманат» партиясы атынан 2 оқушыға кеңсе тауарлары мен мектеп сөмкесі берілді. Талап ауылының әкімшілігі атынан 10 отбасыға жалпы соммасы 100 000 теңге көлемінде ақшалай көмек берілді. Жезказған қаласының «Болашақ» магазині атынан 5 оқушыға мектеп сөмкесі берілді. Қамқоршылық кеңес мүшелері тарапынан 2 оқушыға кеңсе тауарлары үйлестірілді. Мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Г.К.Шанкулова тарапынан 1 оқушыға спорттық аяқ киім берілгендігін айтты.

«Қамқоршылық» акция аясында ауыл әкімі К.М.Бапанов пен мектеп басшысы және Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұйымдастыруымен 10 оқушыға көмек көрсетілді. Жеке кәсіпкерлер Т.Б.Жайлаубаева, З.Б.Кулмамбетова, В.А.Ильин, А.М.Муродов, «РеалМаркет», ТОО «Ultau Group LTD» аз қамтылған, көп балалы, толық емес, асыраушысынан айырылған отбасынан шыққан оқушыларға қысқы курткалар, оқу құралдары мен мектеп сөмкесін, күзгі, қысқы аяқ киімдер мен етік, кроссовки, спорттық костюмдер және азық – түлікпен қамтамасыз етілгендігін хабарлады.

Сонымен қатар Қамқоршылық кеңес мектепшілік іс – шаралардың өтуіне ат салысып, атап айтсақ: Токсандық ата – аналар жиналыстарына; «Қамқоршы күні» мерекесін ұйымдастыруға; желтоқсан айында жаңа жылдық мерекеге байланысты іс-шараларға қолдау көрсетуге; профилактикалық кеңес отырыстарына қатысқандығын айтты.

Мектепке келген жаңа үлгідегі кабинеттер санын, яғни қазақ тілі кабинеті – 2 дана – 3.721.827 (үш миллион жеті жүз жиырма бір мың сегіз жүз жиырма жеті теңге), химия кабинеті – 1 дана 8.897.307.00 (сегіз жүз миллион сегіз жүз тоқсан жеті мың үш жүз жеті теңге) көлемінде, биология кабинеті – 1 дана, ағылшын тілі кабинеті – 1 дана 3.586.240.00 (үш миллион бес жүз сексен алты мың екі жүз қырық) теңге көлемінде, сенсорный психология кабинеті – 1 дана – 5.196.800.00 (бес миллион жүз тоқсан алты мың сегіз жүз) теңге көлемінде, спорт залға қажетті жабдықтар мен кабинетіне 10.221.120.00 тг (он миллион екі жүз жиырма бір мың жүз жиырма) теңге көлемінде келгендігін айтты. Ағымдағы мектептің жөндеу жұмыстарына 316.623.63 (үш жүз он алты мың алты жүз жиырма үш теңге алтыс үш тиын) теңге көлемінде бөлініп, игерілгендігін айтты.

2. Екінші мәселе бойынша мектеп басшысы К.М.Тұлеубаев оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында мектепшілік жазғы сауықтыру алаңына 07.06-23.06 аралығында 30 оқушы қамтылатындығын айтты. 01.07-10.07 аралығында қала сыртындағы «Айналайын» Нұрсұлтан қаласына 5 оқушыға жолдама берілгендігі және «Балдаурен» Балқаш қаласына 27.07-09.08 аралығыда 5 оқушыға жолдама берілгендігін


айтты. Жазғы сауықтыру алаңына аз қамтылған, көп балалы, толық емес, асыраушысынан айрылған, жетім, патронаттық тәрбиедегі отбасы оқушыларының қатыстырылатындығын айтты.

3. Сөз алған Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Жанат Сембаева жазғы сауықтыру алаңдарына оқу озаттары мен белсенділері де қатысуын ұсынды.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңестің төрайымы Ж.Ж.Сайдалиеваның 2022 – 2023 оқу жылындағы қамқоршылық кеңестің есебі қанағаттанарлық деп табылсын.
2. 2023 – 2024 оқу жылына қамқоршылық кеңеске демеушілер табу үшін үндеу хаттар жолдау іске асырылсын. Үндеу хаттарды жолдау іске асыру үшін мектептің әлеуметтік педагогтары А.А.Мухамединоваға жүктелсін.
3. Жазғы сауықтыру алаңына аз қамтылған, көп балалы, толық емес, асыраушысынан айрылған, жетім, патронаттық тәрбиедегі отбасы оқушылары, оқу озаттары мен белсенділері қатыстырылсын. Қамтылатын оқушылардың тізімі құрылып, бекітілсін. Тізімді құру мектептің әлеуметтік педагогы А.А.Мухамединова мен сынып жетекшілерге жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



Ж.Ж.Сайдалиева

Хатшы:



Жақсылық А.А.